

Жоғарғы білім беретін оқу орындарын, колледж және кәсіптік лицейлердің бітірушілеріне жастар тағылымдамасын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 25 мамырдағы N 169 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 5 маусымда N 14-3-73 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 14 наурыздағы N 81 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2011.03.14 N 81 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтарындағы N 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 12 наурыздағы "Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" N 765 Жарлығына, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2009 жылғы 11 наурыздағы "Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына арналған Жолдауын (Жол картасын) Оңтүстік Қазақстан облысында жүзеге асыру жөніндегі іс шаралар жоспарын бекіту туралы" N 79 қаулысына сәйкес және халықты жұмыспен қамтуды кеңейту шараларына ықпал ету мақсатында Кентау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіптік лицей, колледж және жоғарғы оқу орындарын бітіріп жұмыссыз жүрген бітірушілерге (бұдан әрі - Бітірушілер) кәсіпорындарда, мекемелерде және ұйымдарда (бұдан әрі - Жұмыс беруші) жастар тағылымдамасы ұйымдастырылсын және өткізілсін.

2. Бітірушілер үшін жастар тағылымдамасын ұйымдастыру келесі шарттарды ескере отырып өткізіледі:

1) оқу орындарын бітіріп жұмысқа орналаспаған Бітірушілердің қалалық еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде (бұдан әрі - Уәкілетті орган) жұмыссыз ретінде тіркелуі;

2) Бітірушінің алған мамандығы бойынша еңбек өтілі және дағдының болмауы.

Уәкілетті орган:

1) келешекте одан әрі даму және өндірісін кеңейту перспективасы бар және Бітірушілер үшін жастар тағылымдамасында әлеуетті жұмыс беруші бола

алатындар жайында ақпарат жинау жұмыстарын іске асырады;

2) Жұмыс берушінің кадрлық сұраныстары негізінде, жастар тағылымдамасында қатысу үшін жұмыссыз Бітірушілер арасында талдау жұмыстарын жүргізеді;

3) жұмыссыз Бітірушіге жастар тағылымдамасында қатысу үшін жолдама береді;

4) Бітірушілерге жастар тағылымдамасы аясында жұмыс орындарын беруге ықыласты Жұмыс берушімен келісім-шарт жасайды.

Келісім-шартта Жұмыс беруші мен Уәкілетті органның құқықтары мен жауапкершілігі, жұмысқа қабылданатын жұмыссыз Бітірушілердің саны жастар тағылымдамасы аясында Жұмыс берушінің ұйымдастырған мамандықтарының тізімі ескеріледі.

Келісім-шарт кемінде 6 ай мерзімге жасалады.

4. Жұмыс беруші:

1) жастар тағылымдамасынан өтуі үшін Уәкілетті орган жолдаған Бітірушімен Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасайды;

2) жастар тағылымдамасы аясында әрбір жұмыс орнында қауіпсіздік жағдайының жасалуын қамтамасыз етіледі;

3) жастар тағылымдамасына қатысушылардың жұмыс уақытына есеп жүргізу табелін және актіні жүргізіп, әр айдың 25 – ші жұлдызында Уәкілетті органға өткізеді;

4) жастар тағылымдамасына жолданған Бітірушіні тағылымдаманың мерзімі біткенше, өз құзырымен тұрақты жұмысқа қабылдап алуға құқығы бар;

5) еңбек шартының мерзімі өткендігі немесе Бітірушінің тұрақты жұмысқа қабылданғаны және жұмыстан босағаны жайлы Уәкілетті органды 3 күн ішінде хабардар етеді;

6) еңбек шартының мерзімі өткеннен кейін жұмыссызға жастар тағылымдамасына қатысқаны туралы пікір (ұсыныс хат) береді.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2010.04.20 N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

5. Уәкілетті орган жұмыс берушімен түзілген келісім шартты, Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген жағдайларда бұзуына құқығы бар.

6. Жастар тағылымдамасын өткізу жөніндегі іс-шаралар бюджет қаржысы есебінен қаржыландырылады.

7. Жастар тағылымдамасына қатысушылардың еңбек ақысы ай сайын бюджетте қаралған қаржы шегінде уәкілетті органмен төленеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау

қаласы әкімдігінің 2010.04.20 N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М. Қонысовқа жүктелсін.

9. Осы қаулы алғаш жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Қала әкімі

К. Табылдиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК